



«Кселл» АҚ 2014 ж. акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының өтетіні туралы хабарландыру

Алматы, 2014 жылдың 17 сәуірі - «Кселл» акционерлік қоғамы (LSE, KASE: KCEL), қоғамның директорлар кеңесінің **2014 жылдың 21 мамырында Алматы уақыты бойынша сағат 11:00-де**, келесі мекенжай бойынша «Кселл» АҚ акционерлерінің жалпы жылдық жиналысын шақыру туралы шешім қабылдады: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Өлімжанов к-сі, 51. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу Алматы уақыты бойынша сағат 10:00 басталады.

Егер бірінші жиналыс өтпесе, «Кселл» АҚ екінші жиналысы 2014 жылдың 26 мамырында Алматы уақыты бойынша сағат 11:00 өтеді.

Акционерлердің жалпы жылдық жиналысына қатысу құқығына 2014 жылдың 28 сәуіріндегі күніне (Алматы уақыты бойынша сағат 01:00 дейін) Бағалы қағаздардың бірегей тіркеушісімен Бағалық қағаздарды ұстаушылардың тізілімінде акционер ретінде тіркелген акционерлер ие.

Тіркеу үшін жеке куәлікті ұсыну қажет. Сенім білдірілген тұлғаларға дауыс беру құқығымен жиналысқа қатысуға сенімхат ұсыну қажет.

Күн тәртібі:

1. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысын сайлау мен дауыс беру формасын анықтау.
2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту.
3. Шот комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттіктерін анықтау, оның мүшелерін сайлау.
4. «Кселл» АҚ аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау.
5. Жылдық қаржылық есептілікті бекіту
6. Қоғамның есептік қаржылық жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд көлемін бекіту.
7. «Кселл» АҚ директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау және директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өкілеттіктерін атқарғандары үшін сыйақы көлемін және шарттарын бекіту.
8. Акционерлердің қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына арыз беру және оны қаратыру нәтижелері туралы мәселені қарастыру
9. Акционерлерді директорлар кеңесінің және қоғамның атқарушы органының мүшелерін сыйақы көлемі мен құрамы туралы хабардар ету.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар

«Кселл» АҚ акционерлері акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен materials@kcell.kz электрондық мекенжайына немесе «Кселл» АҚ атқарушы органы, бас атқарушы директорының орналасқан жеріне: Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., Самал-2 ықш., үй 100 мекенжайына сұраным

мен акционер мәртебесін растайтын құжат жолдау арқылы таныса алады. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлердің танысулары үшін акционерлердің жалпы жылдық жиналыстың өтетін күніне дейінгі он күннен кеш емес мерзім бұрын қолжетімді. Акционердің сұранымы бойынша күн тәртібіне қатысты материалдар оған сұраным алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жолданады. Құжат көшірмелерін дайындау мен құжаттардың жеткізілуіне шығындарды акционер көтереді.

Байланыс деректері

Инвесторлармен байланыс
Ирина Шоль

Tel: +7 727 2582755 ішкі тел.
1205
Investor_relations@kcell.kz

Медиа
Наталья Еськова

Tel: +7 727 2582755 ішкі тел.
1902
Pressa@kcell.kz

Халықаралық медиа
Instinctif Partners

Tel: +44 207 457 2020

Компания туралы жалпы ақпарат

Kcell Қазақстандағы ұялы байланыс нарығындағы пайда көлемі мен абоненттерінің саны бойынша жетекші оператор. Компания 1998 жылдан бері қызмет етіп келеді және 2013 жылдың 31 желтоқсанындағы қалпы бойынша Компанияның абоненттік базасы 14,3 миллион абонентке жетті, ол Компания бағамы бойынша нарықтың 46,2% құрайды. 2013 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның пайда көлемі нарықтың 54% құрады.

Кселл ұялы дауыстық байланыс қызметтерін, сондай-ақ, SMS хабарламаларды жолдау, мультимедиялық хабарлама алмасу, ұялы контентке кіру сияқты қосымша қызметтерді (VAS), сонымен бірге, дерек беру, оның ішінде Интернетке кіру қызметтерін ұсынады. Компания нарықта екі брендпен ұсынылған: нысаналы аудиториясы корпоративтік клиенттер болып табылатын Kcell (оның ішінде мемлекеттік мекемелер) және қалың бұқара қауымға бағытталған Activ. Компания қызметтерін жоғары сапалы ұялы байланыс желісі негізінде ұсынады, ол ҚР бүкіл аумағын тұтастай қамтиды.

2012 жылдың желтоқсанында Kcell Компаниясы Лондон қор биржасында GDR (жаһандық депозитарлық қолхаттарды) және Қазақстан қор биржасында жай акцияларды орналастыруды сәтті аяқтады. Бір GDR үшін 10.50 АҚШ доллары және бір акция үшін 1,578.68 теңге деңгейінде баға орнатылды, бұл кезде, бір GDR бір акцияға сәйкес келді. Орналастыру TeliaSonera компаниясының 50 миллион дана акциясы көлемінде, яғни Kcell акционерлік капиталының 25%-дық үлесіне сәйкес келетін акцияларды сатудан тұрды. TeliaSonera Компанияның 61.9% қарапайым акцияларына тікелей және жанама түрде иелік етеді.

Болашақта Кселл Қазақстандағы мобильді ақпарат алмасу қызметі бөлігіндегі айтарлықтай өсу мүмкіндігінен пайда табуды көздеп отыр. Компания желінің қамту аумағын кеңейту үшін 3G желілерін дамытуға инвестиция салуды жалғастыруды жоспарлап отыр. Кселл ұялы байланыс нарығында пайда көлемі мен абоненттерінің саны бойынша жетекші оператор орнын бәсекеге қабілетті бағалармен тауарлар мен қызметтер ұсыну, олардың санын арттыру, желінің жоғары сапасын қолдау және брендтің құндылығын көтеру арқылы ұстап тұруға ниетті.